



Успен ауданы Успен ауылдық округі Успен ауылының көшелерінің атауларын қайта атау туралы

Павлодар облысы Успен ауданы Успен ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 9 наурыздағы № 2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 08 сәуірде № 5055 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес 2015 жылғы 2 желтоқсандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Успен ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Успен ауданы Успен ауылдық округі Успен ауылының көшелерінің атаулары: "Молодежная" көшесі "Наукенов" көшесі; "8 март" көшесі "Яременко" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Успен ауылдық
округінің әкімі*

А. Калина